

Кеңес беру пунктінің №1 хаттамасы

«Мозайка» бөбекжайы
15 қыркүйек 2025ж.
Уақыты:15.00-17.00

Тақырыбы: «Балабақшаға қамтылмаған балалардың ата-аналарымен танысу.
Бастапқы диагностика жүргізу»

Қатысқандар: Тәрбиешілер-5, медбике .Ата-аналар-7

Күн тәртібі:

- 1.Кеңес беру пункттің мақсаты мен жұмыс кестесін таныстыру.
2. 2-5 аралығындағы балалардың даму деңгейіне бастапқы диагностика жүргізу
3. Ата-ана сұрақтарына жауап беру.

Тыңдалды:

1.Балабақша әдіскері А.А.Кужалиева сөз сөйледі: Құрметті ата-аналар!Балабақшамызда Кеңес беру пункт балабақшаға бармайтын балаларға тегін көмек көрсету үшін ашылды.Біздің мақсатымыз- баланың мектепке дайындығын күшейту,ата-анаға дұрыс тәрбие мен оқыту әдісін көрсету. Жұмыс аптасына 2 рет,сейсенбі, бейсенбі күндері сағат15.00-17.00 аралығында өтеді. Қабылдау тегін, деп түсіндірді.

2.Тәрбиеші Б.Б.Ахметжанова хабарлама жасады: бүтін келген ір балаға диагностика жүргіземіз. Сөйлеудің тазалығы ,сөздік қор, фонематикалық есту тексеріледі. Диагностика нәтижесі бойынша әр ата-анаға жеке ұсыныс береміз. 3 жаста бала 500-ден астам сөз білуі ,ал 4 жаста сөйлем құрап айта білуі кере деді.

3. Тәрбиеші Г.А.Кужалиева практикалық бөлім жүргізді: Ата-аналармен бірге «Саусақ ойындары», «Жеңіл қол моторикасын дамыту » ойындарын көрсетті. Ата-аналарға үйде күнде 10 минут ойнау баланың сөйлеуіне өте пайдалы.

Сұрақ-жауап бөлімі:

Ата-ана А.Назгул «Менің қызым 3 жаста ,сөйлемейді .Қалай сөйлетемін?»

Жауап: Логопедпен жеке кеңес алуға кеңес берілді.

Ата-ана К.Күміс «Балабақшаға беруге кезек көп күтеміз, әр алыста тұрамыз,үйде не істейміз ?деп сұрады»

Жауап: Балабақша психологы апталық жоспар үлгісін беріп,ойын арқылы оқытуды ұсынды.

Қаулы етілді:

1.Қыркүйек айында тіркелген 8 балаға бастапқы диагностика жүргізілсін.

Нәтижесі ата-ана дәптеріне жазылсын.Жауапты тәрбиешілер.

2.Мерзімі 30.09.2025 ж.

3.Қазан айындағы кеңес беру тақырыбы « 3-4 жастағы баланың дағдарысы.Үйде тәрбие» болып бекітілсін. Жауапты : тәрбиешілер. Мерзімі: 17.10.2025ж.

3.Барлық ата-анаға «Үйде ойын арқылы дамыту» жадынамасы таратылсын. Жауапты. Тәрбиешілер . Мерзімі: 20.09.2025ж

Дауыс беру: Бірауыздан қабылданды. Қаулының орындалуын бақылау әдіскер Ж.Т. асановаға тапсырылсын.

Тіркеме :1 Ата-аналар тзімі-1дана; 2. Диагностика нәтижесі -8 дана

Хатшы :  Ахметжанова Б.Б.

Кеңес беру пунктінің №2 хаттамасы

«Мозайка» бөбекжайы

17 қазан 2025ж.

Уақыты:15.00-17.00

Тақырыбы : «3-4 жастағы баланың дағдарысы . Үйде тәрбие»

Қатысқандар:

1. Тәрбиешілер-5, психолог, медбике
2. Ата-аналар-7

Күн тәртібі:

- 1.3 жас дағдарысының белгілері мен себептері
2. «Таңба беру, «Тыйымды азайту» әдістерін меңгерту.
- 3.Практикалық жаттығу.

Тыңдады : Тәрбиеші Г.Е.Есенаманова « Мен өзім!» кезеңін түсіндірді.

Белгілері : қыңырлық , теріс айту , талап, Себебі : өзіндік «Мен» қалыптасуы .

Кеңес :

1. Таңдау беру : « Көк футболка ма, жасыл ма?»
2. Тыйымды азайту
3. Мақтау+ құшақтау, « Тыныш бұрыш» әдісі практикалық көрсетілді.

Қаулы етілді:

1. Ата-ана бір ай бойы « таңдау әдісін» қолданыс. Нәтижесін қарапайым айтады.

Жауапты: ата-ана,

- 2.Қарапайым айында тәрбиеші Ж.С. Жандосова «Саусақ ойындары» тақырыбындағы ашық сабағын өткізсін.

Жауапты : тәрбиеші

Мерзімі .21.11.2025ж

Хатшы :



Г.Е.Есенаманова

Кеңес беру пунктінің № 3 хаттамасы

«Мозайка» бөбекжайы

21 қараша 2025ж.

Уақыты:15.00-17.00

Тақырыбы : « Саусақ ойындары арқылы сөйлеуді дамыту» -ашық сабақ

Қатысқандар:

Тәрбиешілер-5, психолог, медбике

Ата-аналар-7.

Күн тәртібі:

- 1.Қол моторикасы сен сөйлеу байланысы
2. «Құс ұшада» , « Саусақтар ұйықтайды» ойындарын көрсету.
3. Ата-аналар баламен бірге ойнау.

Тыңдалды:

Тәрбиеші Г.А. Кужалиева ашық сабақ өткізді. «Құс ұшада» , « Саусақтар ұйықтайды», « аюдың табаны» ойындары .Ми мен қол байланысын түсіндрді.

Ата-ана баламен бірге 20 минут ойнады.

Қаулы етілді.

- 1.Әр ата-ана күнде таңертең 5 минут саусақ жаттығуларын баламен бірге жасасын.

Жауапты : ата-ана. Мерзімі: тұрақты

- 2.Желтоқсан айында тәрбиеші : Б.Б.Ахметжанова «Жаңа жыл стрессіз» тақырыбында жадынама дайындасын. Жауапты : тәрбиеші

Мерзімі: 10.12.2025ж

Хатшы

 Г.Е.Есенаманова

Кеңес беру пунктінң № 4 хаттамасы

«Мозайка» бөбекжайы

12 желтоқсан 2025ж.

Уақыты:15.00-17.00

Тақырыбы : « Жаңа жылдық стрессіз мереке»

Қатысқандар:

Тәрбиешілер-5, психолог, медбике

Ата-аналар-7.

Күн тәртібінде:

1. Баланың шамадан тыс шаршамауы
2. Ұйқы режимінің бұзылмауы
3. «Мереке –бала үшін, бала-мереке үшін емес» қағидасы.

Тыңдалды:

Бөбекжай медбикесі М.Ө. Сәрсекова баланың шамадан тыс шаршамауы керегін айтты.

Ереже: 1. Ұйқы режимі бұзылмасын;

2. Ертеңгіліктердің ұзақтығы 1 сағат 15 минуттан артық болмасын.

3. Балаға сыйлықтан гөрі ата-ананың назары маңызды.

Мереке –бала үшін, бала-мереке үшін емес» қағидасы берілді. Жадынам таратылды.

Қаулы етілді:

1. Ата-ана балаға 3 сыйлықтан артық алмауға келісті.

Жауапты : ата-ана.

2. Қаңтар айында тәрбиеші Г.А. Кужалиева «Мектепке дайындық» тақырыбында кеңес өткізсін

Жауапты : тәрбиеші

Мерзімі : 23.01.2026 жыл.

Хатшы .



Г.Е. Есенаманова .

Кеңес беру пунктінің № 5 хаттамасы

«Мозайка» бөбекжайы

23 қаңтар 2026 ж.

Уақыты:15.00-17.00

Тақырыбы : « Баланы мектепке қалай дұрыс дайындаймыз? »

Қатысқандар:

Тәрбиешілер-5, медбике

Ата-аналар-7.

Күн тәртібінде:

1. Мектепке дайындықтың үш бағыты : танымдық әлеуметтік мотрика
2. Үй тапсырмасын сыз, ойын арқылы ойнату
3. «Сөзді буынға бөлу» ойынын ойнату

Тыңдалды:

Тәрбиеші Б.Б.Ахметжанова мектепке дайындықтың үш тірегін айтты:

1. Танымдық- санау 1-ден -20-ға дейін, әріп тану.
2. Әлеуметтік- тәртіп, тыңдай білу.
3. Мотрика –қарындашты дұрыс ұстау. Ең маңыздысы : үй тапсырмасы емес, ойын арқылы оқыту. Ата-аналарға «Сөзді буынға бөлу» ойыны көрсетілді.

Қаулы етілді:

1. Ата-ана күнде 15 минут « Мектеп ойынын» ойнасын.

Жауапты : ата-ана

- 2.Ақпан айында тәрбиешілер мектепке дайындық бойынша орта диагностика жүргізісін.

Жауапты. Тәрбиешілер

Мерзімі: 20.02.2016 ж.

Хатшы :  Г.Е.Есенманова .

Кеңес беру пунктінің № 6 хаттамасы

«Мозайка» бөбекжайы

20 ақпан 2026 ж.

Уақыты:15.00-17.00

Тақырыбы : «Мектепке дайындық деңгейіне орта диагностика»

Қатысқандар:

Тәрбиешілер-5, медбике

Ата-аналар-7.

Күн тәртібінде:

1. Зейін , жады , ойлауды тексеру
2. Дыбыс айтуды тексеру
3. Нәтиже : 7 баланың 4 жоғары деңгейде ,3 балаға жеке ұсыныс берілді

Тыңдалды :

Тәрбиеші: балалардың зейін, жады, ойлау, графикалық дағдысын тексерді.
Дыбыс айтуды тексерді.Нәтиже 8 баланың 5-і жоғары деңгейде, 3 балаға жек түзету картасы берілді. Әлсіз жағы: зейін тұрақсыздығы, «р»дыбысын «л» дыбысына ауыстырып айтады.

Қаулы етіледі:

1. Үш балаға наурыз-мамыр айлары аралығында жеке түзету сабағы жүргізілсін.
Жауапты: тәрбиеші. Аптасына 1 рет.
2. Наурыз айында тәрбиеші Г.Е.Есенаманова «Ұлттық ойындар» шеберлік сабағын өткізсін.
Жауапты : тәрбиеші.
Мерзімі: 20.03.2026 ж.

Хатшы:



Г.Е.Есенаманов

Кеңес беру пунктінің № 7 хаттамасы

«Мозайка» бөбекжайы

20 наурыз 2026 ж.

Уақыты: 15.00-17.00

Тақырыбы : «Ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеу»- шеберлік сағаты

Қатысқандар:

Тәрбиешілер-5, медбике

Ата-аналар-7

Күн тәртібінде:

1. «Асық ату», «Арқан тартыс», «Тасқала», «Ханталапай» ойындарын үйрету.
2. Ойын арқылы ереже сақтау, командада жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру.

Тыңдалды:

Музыка жеткішісі Н.Е.Тулесугалиева және тәрбиеші Г.Е.Есенаманова балаларға «Асық ату», «Арқан тартыс», «Тасқала», «Ханталапай» ойындарын үйретті. Ұлттық ойын түрлері арқылы ереже сақтау, жеңіліске төзе білу, командада жұмыс істеу дағдысы қалыптастырыны түсіндірді. Ата-аналар балалармен бірге ойнап,жарыстарға қатысты.

Қаулы етілді:

1. Ата-ана аптасына 1 рет балаларымен ұлттық ойын түрлерін ойнасын.

Жауапты : ата-аналар.

- 2.Сәуір айында тәрбиеші Б.Б. Ахметжанова мен медбике М.Ө. Сәрсекова «Баланың қорықпаушылығы» тақырыбында ата-аналарға кеңес өткізсін.

Жауапты : тәрбиеші мен психолог.

Мерзімі : 18.04.2026 ж.

Хатшы :  Г.Е.Есенаманова

Кеңес беру пунктiнiң № 8 хаттамасы

«Мозайка» бөбекжайы

18 сәуір 2026 ж.

Уақыты: 15.00-17.00

Тақырыбы : «Баланың қорықпаушылығы ,ұялшақтығы»- кеңес

Қатысқандар:

Тәрбиешілер-6, психолог, медбике

Ата-аналар-12.

Күн тәртібінде:

- 1.Ұялшақтықтың себебі: ата-ананың шамадан тыс қамқорлығы ,салыстыру ,мақтамау.
2. «Мақтау + кішкене тапсырма беру» әдісін ұсыну
3. Рөлдік ойын «Дүкенде сатушы»

Тыңдалды:

Тәрбиеші Б.Б.Ахметжанова мен медбике М.Ө.Сәрсекова ұялшақтық себебін атады: ол шамадан тыс қамқорлық, баласын басқалармен салыстыру,мадақтамау.

Кеңес берілді:

1. Баланы мақтау : «Сен тырыстың», «Сенің қолыңнан келеді»
2. Кішкене жауапкершілік беру: « Сен гүлге су құй»
3. Жаңа ортаға біртіндеп үйрету.

Рөлдік ойын «Дүкенде сатушы» ойналды.

Қаулы етілді:

- 1.Ата-ана баласының әр жетістігін күнде мақтасын.

Жауапты : ата-аналар.

- 2.Мамыр айында қортындысы, «Ашық есік күні» өткізілсін.

Жауапты : барлық педагогтер.

Мерзімі : 22. 05. 2026 ж.

Хатшы :

 Г.Е.Есенаманова.

Кеңес беру пунктiнiң № 9 хаттамасы

«Мозайка» бөбекжайы

22 мамыр 2026 ж.

Уақыты: 15.00-17.00

Тақырыбы : «2025-2026 оқу жылының қорытындысы Ашық есік күні»

Қатысқандар:

Тәрбиешілер-5, медбике

Ата-аналар-7.

Күн тәртібінде:

1. Жылдық есеп беру.
2. Жеке жетістіктерді атау
3. Балалардың мерекелік шашуы.

Тыңдалды:

1. Балабақша әдіскері А.А.Кужалиева жыл бойы жүргізілген жұмыстардың есебін берді: диагностика басталғанда балалардың 60% – ның сөйлеуі төмен болса, жылы соңында қортынды диагностикада 88-90 % -ы нормаға жақындады. Бұл ата-аналар сіздердің еңбектеріңіз деді.
2. Тәрбиеші Б.Б.Ахметжанова әр баланың жеке жетістігін атап өтті. 3- балаға «р» дыбысы қойылды, бұл біздер үшін өте жақсы көрсеткіш деді.
3. Балалар музыка жетекшісі Н.Е.Тулеугалиеваның қолеметімен ата-аналаарына өз өнерлерін көрсетті.

Қаулы етілді:

1. Балабақшаға кеңес беру пунктiнiң жұмысы «қанағаттанарлық» деп бағалынсын.
2. Жазғы кезеңде ата-аналар тобына тәрбиешілерінің « Қауіпсіз жаз» кеңесі салынсын.

Жауапты: балабақша медбикесі.

Мерзімі: маусым-тамыз айлары.

Хатшы:

 Г.Е.Есенаманова.